# Мемлекеттік кірістер органдарының салық төлеуші (салық агенті) туралы салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және сұйытылған газ бен мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы құпия ақпаратты салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне ұсынуы қағидаларын, сондай-ақ ұсынылатын мәліметтер тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 276 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 799 бірлескен бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық Кодексі) 30-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органдарының салық төлеуші (салық агенті) туралы салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және сұйытылған газ бен мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы құпия ақпаратты салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне ұсынуы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар);

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органдары салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне ұсынатын салық төлеуші (салық агенті) туралы салықтық құпияны құрайтын мәліметтердің және сұйытылған газ бен мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы құпия ақпараттың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрық қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті осы бірлескен бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырсын.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика және қаржы вице-министрлеріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы*
*Премьер-Министрінің орынбасары -*
*Қаржы министрі*
*__________Е. Жамаубаев*

*Қазақстан РеспубликасыЭнергетика*
*министрі__________А. Саткалиев*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі
2023 жылғы 27 шілдедегі
№ 799 мен
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2023 жылғы 26 шілдедегі
№ 276 Бірлескен бұйрыққа
1-қосымша

## Мемлекеттік кірістер органдарының салық төлеуші (салық агенті) туралы салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және сұйытылған газ бен мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы құпия ақпаратты салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне ұсынуы қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кірістер органдарының салық төлеуші (салық агенті) туралы салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және сұйытылған газ бен мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы құпия ақпаратты салық төлеушінің ( салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің ( Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 30-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік кірістер органдарының салық төлеуші (салық агенті) туралы салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және сұйытылған газ бен мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы құпия ақпаратты (бұдан әрі –

Мәліметтер) салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне (бұдан әрі – Энергетика министрлігі) ұсыну тәртібін белгілейді.

2. Мәліметтер Салық кодексінің 30-бабы 3-тармағы 4) тармақшасының екінші абзацына сәйкес бекітілген лауазымды адамдардың тізбесіне (бұдан әрі – Лауазымды адамдардың тізбесі) енгізілген Энергетика министрлігінің лауазымды адамдарына ұсынылады.

Лауазымды адамдардың тізбесі жыл сайын, ағымдағы есепті кезеңнің 31 қаңтарына дейін мемлекеттік кірістер органдарына беріледі.

Энергетика министрлігі осы Тізбеге енгізілген лауазымды адамдар жұмыстан шығарылған не өзге де болмаған жағдайларда Лауазымды адамдардың тізбесіне өзгерістердің уақтылы енгізілуін қамтамасыз етеді.

**2-тарау. Мәліметтерді ұсыну тәртібі**

3. Мемлекеттік кірістер органы сұрау салу бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Мәліметтерді Энергетика министрлігінің ақпараттық жүйелерінің мемлекеттік кірістер органдарының "Интеграцияланған деректер базасы" ақпараттық жүйесімен ( ИДБ) интеграциялық өзара іс-қимылы жолымен Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16777 болып тіркелген) бекітілген "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларына сәйкес Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасы (бұдан әрі – МО БКО) арқылы Энергетика министрлігіне ұсынады.

Мемлекеттік кірістер органдары мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциясы іске асырылғанға дейін Мәліметтерді МО БКО бөлінген желісі арқылы Энергетика министрлігінің жұмыс станциясына (жергілікті желіден оқшауланған) жүктейді.

**3-тарау. Мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету**

4. Мәліметтерге қолжетімділігі бар Энергетика министрлігінің лауазымды адамдары алынатын ақпаратты берген тарапқа нұқсан келтірмей, үшінші тараптарға беру құқығынсыз оны Қазақстан Республикасында өткізілетін сұйытылған газға көтерме және бөлшек сауда бағаларының мониторингін қамтитын сұйытылған газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингін жүзеге асыру мақсатында ғана, сондай-ақ мұнай өнімдерін өндіру мен өткізу, жер қойнауын пайдаланушылардың мұнайды тасымалдау және экспорттау бойынша, Қашаған, Қарашығанақ, Теңіз жобаларында өнімді бөлу туралы келісімдерді іске асыру, жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға

арналған келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауына мониторингті жүзеге асыру үшін ғана пайдалануды қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 473-бабына сәйкес оларды заңсыз жария еткені үшін жауапты болады.

Сондай-ақ Энергетика министрлігі мәліметтерді Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ету үшін пайдалана алады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі
2023 жылғы 27 шілдедегі
№ 799 мен
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2023 жылғы 26 шілдедегі
№ 276 Бірлескен бұйрыққа
2-қосымша

## Мемлекеттік кірістер органдары салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне ұсынатын салық төлеуші ( салық агенті) туралы салықтық құпияны құрайтын мәліметтердің және сұйытылған газ бен мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы құпия ақпараттың тізбесі

| **№** | **Салықтық құпияны құрайтын мәліметтердің атауы** |
|---|---|
| ТІЖ-ден қажетті мәліметтер | |
| 1. | Есеп жүйесінің ТІЖ нөмірі |
| 2. | Тауарды жөнелту күні |
| 3. | ЭШФ АЖ-дағы ТІЖ тіркеу нөмірі |
| 5. | ТІЖ түзетулері |
| 6. | ТІЖ бойынша бұрын қабылданған тауарды қайтару |
| 7. | ҚР аумағына тауарларды әкелу |
| 8. | ҚР аумағынан тауарларды әкету |
| 9. | Тауарды тасымалдауға арналған көлік түрі туралы ақпарат |
| В бөлімі | Жеткізушінің деректемелері |
| 13. | ЖСН / БСН |
| 14. | Жеткізушінің / жөнелтушінің атауы |
| 15. | Құрылымдық бөлімшенің БСН |
| 16. | Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН |
| 17. | Жеткізуші санаты |
| 18. | Жеткізушіні тіркеу елінің коды |
| 19. | Жіберу/жөнелту елінің коды |
| 20. | Жіберу / жөнелту нақты мекен-жайы |
| С бөлімі | Алушының деректемелері |
| | |

| | |
|---|---|
| 22. | ЖСН / БСН |
| 23. | Алушының атауы |
| 24. | Құрылымдық бөлімшенің БСН |
| 25. | Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН |
| 26. | Алушы санаты |
| 27. | Алушыны тіркеу елінің коды |
| 28. | Жеткізу/тапсыру елінің коды |
| D бөлімі | Жүк жөнелтушінің және жүк алушының деректемелері |
| 31. | ЖСН/БСН (жүк жөнелтуші) |
| 32. | Жүк жөнелтушінің атауы |
| 33. | Жіберу елінің коды |
| 34. | ЖСН/БСН (жүк алушы) |
| 35. | Жүк алушының атауы |
| 36. | Жіберу елінің коды |
| E бөлімі | Тасымалдау жөніндегі мәліметтер |
| 39. | Тасымалдау үшін жоспарланған көлік туралы мәліметтер |
| G1 бөлімі | Тауарлар бойынша деректер |
| 51 | Операция коды |
| G1 кесте | Шығу белгісі |
| G1 кесте | Тауардың атауы |
| G1 кесте | Тауар коды (ЕАЭО СЭҚ ТН) |
| G1 кесте | Өлшем бірлігі |
| G1 кесте | Тауар саны |
| G1 кесте | Тауар бірлігінің бағасы |
| G1 кесте | ҚҚС |
| G1 кесте | Жанама салықтары бар тауардың жалпы құны |
| G1 кесте | ЭШФ АЖ тауар идентификаторы |
| БКМ-ден қажетті мәліметтер | |
| 1. | Салық төлеушінің атауы |
| 2. | Салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі |
| 3. | Чектің реттік нөмірі |
| 4. | Тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету күні мен уақыты |
| 5. | Бір бірлік үшін тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы |
| 6. | Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауы |
| 7. | АҚС, АГҚС мекенжайы |
| 8. | Өткізілген тауардың атауы (сұйытылған мұнай газы және / немесе мұнай өнімінің түрлері) |
| | |

| | |
|---|---|
| 9. | Сатып алынатын тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің саны, олардың өлшем бірлігі |
| 10. | Тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатудың жалпы сомасы |
| 11. | Егер салық төлеуші қосылған құн салығын төлеуші болып табылған жағдайда – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша қосылған құн салығы салынатын айналымдар бойынша мөлшерлемені көрсете отырып, қосылған құн салығының сомасы |
| 12. | Бақылау-касса машинасын пайдалану орнының мекенжайы |

| ЭШФ-тен қажетті мәліметтер | |
|---|---|
| А бөлімі | Жалпы бөлім |
| 1. | Тіркеу нөмірі |
| 2. | Үзінді көшірме күні |
| 2.1 | Қағаз жеткізгіштегі үзінді көшірменің күні |
| 4 | Түзетілген |
| 4.1 | Шығарылған күні |
| 4.4 | "Бастапқы" ЭШФ тіркеу нөмірі |
| 1.1 | Есеп жүйесінің нөмірі |
| 3. | Айналым жасалған күн |
| 5. | Қосымша |
| 5.1 | Шығарылған күні |
| 5.3 | Тіркеу нөмірі |
| В бөлімі | Жеткізушінің деректемелері |
| 6. | ЖСН/БСН |
| 6.0 | Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің БСН |
| 7. | Жеткізуші |
| 8. | Орналасқан жерінің мекенжайы |
| С бөлімі | Алушының деректемелері |
| 16. | ЖСН/БСН |
| 16.0 | Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің БСН |
| 17. | Алушы |
| 18. | Орналасқан жерінің мекенжайы |
| 18.1 | Ел коды |
| D бөлімі | Жүк жөнелтушінің және жүк алушының деректемелері |
| 25. | Жүк жөнелтуші |
| 25.1 | ЖСН/БСН |
| 25.2 | Атауы |
| 25.3 | Жіберу мекенжайы |

| | |
|---|---|
| 26. | Жүк алушы |
| 26.1 | ЖСН/БСН |
| 26.2 | Атауы |
| 26.3 | Жеткізу мекенжайы |
| 26.4 | Ел коды |
| Е бөлімі | Шарт |
| 27.1 | Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге арналған шарт (келісімшарт) |
| 27.2 | Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге арналған шартсыз (келісімшартсыз) |
| 27.3 | Нөмірі |
| 27.4 | Күні |
| 28. | Шарт бойынша Төлем талаптары |
| 29. | Жөнелту тәсілі |
| 31. | Баратын жер |
| 32. | Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуді растайтын құжат |
| 32.1 | Нөмірі |
| 32.2 | Күні |
| G бөлімі | Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер |
| 33.1 | Валюта коды |
| 32.2 | Валюта бағамы |
| G кесте | Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығу белгісі |
| G кесте | Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы |
| G кесте | Тауарларға арналған декларацияға немесе тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштерге сәйкес тауарлардың атауы |
| G кесте | Тауарлар коды (ЕАЭО СЭҚ ТН) |
| G кесте | Өлшем бірлігі |
| G кесте | Саны (көлемі) |
| G кесте | Жанама салықсыз тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бірлігі үшін баға (тариф) |
| G кесте | Жанама салықсыз тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны |
| G кесте | Акциз (мөлшерлеме) |
| G кесте | Акциз (сома) |
| G кесте | Өткізу бойынша айналым мөлшері (салық салынатын / салық салынбайтын айналым) |
| G кесте | ҚҚС (мөлшерлеме) |
| G кесте | ҚҚС (сома) |
| | |

| | |
|---|---|
| G кесте | Жанама салықтарды ескере отырып, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны |
| G кесте | Тауарларға арналған декларацияның, тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің, тауарларға ілеспе жүкқұжаттың №, СТ-1 немесе СТ-KZ |
| G кесте | Тауарларға арналған декларациядан немесе тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштен тауар позициясының нөмірі |
| G кесте | Қосымша деректер |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚС –автожанармай құю станциясы;

АГҚС –автогаз құю станциясы;

БСН –бизнес сәйкестендіру нөмірі;

БКМ –бақылау-касса машинасы;

ЖСН –жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЕАЭО СЭҚ ТН – Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

СТ-1 – Қазақстан Республикасынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдерге әкелінетін тауардың шығу сертификаты;

СТ-KZ – ішкі айналым үшін тауардың шығу сертификаты;

ТІЖ –тауарға ілеспе жүкқұжат;

ЭШФ –электрондық шот-фактура;

ЭШФ АЖ – электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК